

ӘОЖ 070 (075.8)

КБЖ 76.01 я 73

С 89

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№3 хаттама 4 наурыз 2015жыл)*

**Пікір жазған**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.Х. Барлыбаева**

**Сұлтанбаева Г.С.**

С 89 Мультимедиалық журналистика: оқу құралы / Г.С. Сұлтанбаева, А.Б. Әлімжанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 126 б.

**ISBN 978-601-04-1309-2**

Оқу құралы студенттерді желілік журналистиканың ерекшелік сипаттарымен, интернеттің пайда болу және дамуымен, желіні пайдаланып жұмыс істеу әдістерімен, веб-парақшаларын әзірлеудің шығармашылық үдерісімен, сайттарды басқару жүйесімен таныстырады. Желілік журналистиканың жанрлары мен пішіндерін меңгеруге, интернет журналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен танысуға мүмкіндік береді.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, PhD докторанттарына және веб-редакторларға арналған.

**ӘОЖ 070 (075.8)**

**КБЖ 76.01 я 73**

© Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б., 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ISBN 978-601-04-1309-2

## КІРІСПЕ

XXI ғасырда ақпараттық-коммуникативті технологиялар қоғам мен БАҚ-тың дамуына әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналды.

Соңғы жылдары ҚР БАҚ жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Компьютерлік технология саласындағы жылдам ілгерілеу, ғаламтордың пайда болуы мен дамуы, заманауи ақпараттық-коммуникативтік ортаға үлкен өзгерістер әкелуде. Ғаламтор ҚР қоғамдық өмірінің белгілі деңгейін қамтитын қуатты ақпараттық ортаға айналды. Жана ортада ғаламторлық БАҚ белсенді дамып, айтарлықтай орынға ие болды. Елімізде интернет-медианың пайда болуы және дамуымен бірге, бұқаралық коммуникация саласында еңбек ететін адамдарға, журналистерге, қоғаммен байланыс бойынша қызметкерлерге де талап күшейді. Бұл сала ертеректе тек гуманитарлық бағытқа жатқан болса, қазіргі уақытта компьютерлік және ғаламторлық технологияларды білу жүйелік БАҚ салаларында нәтижелі еңбек студінің шартына айналды.

Заманауи қоғамда желілік басылымдардың ерекшелігі мен қызметінің негізгі қағидаларын білу, бұқаралық коммуникация саласындағы мамандардың табысты еңбегінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл еңбекте бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесіндегі мультимедиа қызметі анықталып, желілік БАҚ-тың экономикалық, құқықтық, құрылымдық бағыттары және өзге де аспектілерде қызмет етуінің ерекшеліктері көрсетіледі. Журналистер мен қоғаммен байланыс бойынша қызметкерлердің ғаламтор технологиясын пайдаланудың ережелері мен талаптары жан-жақты зерттеулер нәтижелері аясында беріледі.